

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 804 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12725 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 463 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 285 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.06.2017 № 463 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.07.2017 № 285 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің және Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің және Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрінің бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің төрағасы

_____ С. Айтпаева

2015 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 804 бұйрығына 1-қосымша

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабына және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 21-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Критерийлер мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау субъектілерін (объектілерін) меншік нысанына қарамастан эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілердің (тәуекел дәрежесі жоғары және орташа) тәуекел дәрежесіне байланысты тексерулер жүргізу кезеңділігін айқындай отырып, эпидемиялық маңызы бар объектілерге жатқызу және оларды тексерулерден босату үшін әзірленген.

3. Тексерулерді тағайындау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органы әзірлейтін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылады.

4. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы.

5. Эпидемиялық маңызы бар объектілер – өндіретін өнімі және (немесе) қызметі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған кезінде халық арасында тамақтан уланулардың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына алып келуі және (немесе) өнеркәсіптік және радиоактивті ластану халықтың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер.

6. Өрескел бұзушылықтар – оларды сақтамау халықтың денсаулығы үшін ауыр салдарларға (нәтижесінде уақытша немесе тұрақты еңбекке қабілеттілік жоғалатын (мүгедектік) жарақатқа, кәсіби ауруларға, денсаулықтың кенеттен нашарлауына немесе жұмыскердің улануына) алып келген және (немесе) алып келуі мүмкін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының бұзушылықтары, кәсіби ауру не өлім сондай-ақ тамақтан уланулар мен өзге де уланулардың және (немесе) халық арасында инфекциялық емес/инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына алып келген немесе алып келуі мүмкін, тіршілік ететін қоршаған ортаға, өнімнің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігіне зиян келтіреді және әкімшілік жауапкершілікті тудырады.

7. Елеулі бұзушылықтар – оларды сақтамау халық денсаулығы үшін елеулі салдарларға (жұмыс қабілеттілігінің төмендеуіне немесе жұмыскердің сырқаттануына және (немесе) оның ұрпағының денсаулығына теріс әсер етуге) алып келген және (немесе) алып келуі мүмкін, әкімшілік жауапкершілікті тудыратын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының бұзушылықтары.

8. Елеусіз бұзушылықтар – оларды сақтамау халық денсаулығы үшін елеусіз салдарларға алып келген және (немесе) алып келуі мүмкін (әсер ету жоқ не олардың әсер ету деңгейі қауіпсіздік нормаларынан аспайды), сондай-ақ тамақтан және өзге де уланулардың және (немесе) халық арасында инфекциялық емес/инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына алып келмейтін, тіршілік ететін қоршаған ортаға, өнімнің, процестердің, көрсетілетін

қызметтердің қауіпсіздігіне зиян келтірмейтін, бірақ әкімшілік жауапкершілікті тудыратын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының бұзушылықтары.

9. Критерийлер объективті және субъективті критерийлер арқылы қалыптастырылады.

2. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері

10. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді тәуекел топтары (жоғары және орташа дәреже) бойынша бөлу тексерулердің ерекше тәртібінің кезеңділігін айқындау үшін жүргізіледі.

Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне байланысты топтар бойынша бөлу, тексерулердің және зертханалық-аспаптық зерттеулердің базалық кезеңділігі осы Критерийлерге 1-қосымшаға (бұдан әрі – 1-қосымша) сәйкес жүзеге асырылады.

11. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер өздерінің тәуекел дәрежесіне қарай 1-қосымшаға сәйкес топтар бойынша бөлінген.

Тәуекел дәрежесі жоғары топқа тексеру кезеңділігі жартыжылдықта 1 реттен жиі болмайтын объектілер жатқызылған.

Тәуекел дәрежесі орташа топқа тексеру кезеңділігі жылына 1 реттен жиі болмайтын объектілер жатқызылған.

12. Егер эпидемиялық маңыздылығы жоғары объект тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестесі бекітілгеннен кейін пайдалануға қабылданса, ол 1-қосымшаға сәйкес тексеру кезеңділігімен келесі жартыжылдыққа арналған тексерулер жүргізу кестесіне енгізіледі.

13. Эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объектілерге қатысты жоспардан тыс тексерулер ғана жүргізіледі.

3. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

14. Субъективті критерийлер тексерілетін адал субъектілерді ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізуден босату түрінде оларды көтермелеу қағидатын іске асыру мақсатында әзірленген.

15. Тәуекел дәрежесін бағалауды жүргізу кезінде ерекше тәртіп тексеру бойынша соңғы тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар ескеріледі.

16. Егер өткен күнтізбелік жыл (жартыжылдық) ішінде объект тексерілмесе, ол алдыңғы күнтізбелік жыл (жартыжылдық) нәтижелері бойынша айқындалған топта қалдырылады.

17. Бір субъектіге (заңды тұлғаға) жатқызылатын эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілердің тәуекел тобын айқындау әрбір объект үшін жеке жүргізіледі.

18. Бақылау және қадағалау объектілеріне тексеру жүргізу кестесін жасау ең аз қажеттілік және жеткіліктілік, тексерілетін адал субъектілерді көтермелеу, бақылау мен қадағалауды бұзушыларға аудару қағидаттарын ескере отырып жасалады.

19. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың бұзылуын өрескел, елеулі, елеусіз дәрежеге бөлу осы Критерийлерге 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде тексерілетін субъектіге 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_3 = \left(\frac{\sum P_2 \times 100}{\sum P_1} \right) \times 0,7$$

мұндағы:

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_H = \left(\frac{\sum}{\sum} \right)$$

$P_2 \times 100/$

$\sum P_1) \times 0,3$

мұндағы:

$\sum P_H$ – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеусіз бұзушылықтардың жалпы саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (

$\sum P$) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$\sum P =$

$\sum P_3 +$

$\sum P_H$

мұндағы:

$\sum P$ – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_H$ – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тәуекел дәрежесі жоғары тексерілетін субъект (объект):

1) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі көрсеткіш кезінде – реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленген мерзімге арналған жартыжылдық кестелер негізінде тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібінен босатылады;

2) тәуекел дәрежесі 60-тан бастап 100-ді қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде - жартыжылдық кестелер негізінде тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды.

20. Тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылған халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың бұзушылықтары бар, тәуекел дәрежесі көрсеткішін 60 дейін алған тексерілетін субъект (объект) бұзушылықтарды жою мерзімі аяқталғаннан кейін анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуын бақылау мақсатында жоспардан тыс тәртіппен тексеріледі.

Егер анықталған талаптардың бұзушылықтары жойылмаған жағдайда, тексерілетін субъект (объект) тексеру жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылмайды.

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласында тәуекел
дәрежесін
бағалау критерийлеріне
1-қосымша

Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне байланысты топтар бойынша бөлу, тексерулердің және зертханалық-аспаптық зерттеулердің базалық кезеңділігі
Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер (ерекше тәртіп бойынша тексерілуге жататын)

р/с №	Субъектілердің (объектілердің) түрлері	Тексерулердің және зертханалық-аспаптық зерттеулердің базалық кезеңділігі
1	2	3
Тәуекел дәрежесі жоғары объектілер		
1	Балалардың сүт асүйлері	Жартыжылда 1 рет
2	Балаларды сауықтыру және санаторий объектілері (жыл бойғы, маусымдық)	Жартыжылда 1 рет
3	Барлық түрдегі және типтегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдары, "мектеп-бала бақша" кешендері	Жартыжылда 1 рет
4	Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және олар тұратын ұйымдар, барлық түрдегі және типтегі интернат ұйымдары	Жартыжылда 1 рет
5	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары	Жартыжылда 1 рет
6	Ұйымдасқан ұжымдардағы (мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдары, интернаттық ұйымдар, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, вахталық кенттер, құрылыс алаңдары, өнеркәсіптік және басқа да объектілердегі) қоғамдық тамақтану және сауда объектілері	Жартыжылда 1 рет
7	Кремді кондитерлік өнімдерді өндіру жөніндегі объектілер	Жартыжылда 1 рет

8	Стоматологиялық қызметтер көрсететін объектілер	Жартыжылда 1 рет
9	Дәрілік заттарды дайындау жөніндегі объектілер	Жартыжылда 1 рет
10	Көліктегі қоғамдық тамақтану объектілері (теміржол, әуе, су және автомобиль), борттық тамақтану объектілері	Жартыжылда 1 рет
11	Жолаушыларды тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралдары (теміржол, әуе, су) және жолаушыларды, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі ұйымдар	Жартыжылда 1 рет
12	Радиациялық қауіпті объектілер	Жартыжылда 1 рет
13	Тері және сілемейлі қабықтың бұзылуына байланысты қызмет көрсететін емдеу-косметологиялық объектілері, сұлулық салондары, косметологиялық орталықтар	Жартыжылда 1 рет
14	Наркологиялық ауруханаларды (диспансерлерді), психиатриялық ауруханаларды (диспансерлерді) қоспағанда, стационарлық көмек көрсететін; қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын; амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары	Жартыжылда 1 рет
Тәуекел дәрежесі орташа объектілер		
1	Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары	Жылына 1 рет
2	Тәрбиелеу және білім берудің арнайы және түзету ұйымдары	Жылына 1 рет
3	Отыратын орын саны 50 және 50-ден асатын тамақ өнімдерін өндіретін, өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері	Жылына 1 рет
4	Сүт өңдеу объектілері, дайын сүт өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
5	Ет өңдеу объектілері, етті және еттің жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын ет өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
6	Балық өңдеу объектілері, балықты және балықтың жартылай фабрикаттарын және/немесе дайын балық өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
7	Құс өңдеу объектілері, құс етінің жартылай фабрикаттарын және/немесе құс етінің дайын өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
8	Май-тоң май өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
9	Ыдыстарға өлшеп құйылған алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді, ауыз суды (оның ішінде минералды) өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
10	Жеміс өңдеу объектілері, өсімдіктен алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде соя өнімдерін өңдеу объектілері	Жылына 1 рет
11	Арнайы тамақ өнімдерін және тамақ өнімдерінің өзге топтарын өндіру және өткізу жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
12	Аспаздық және йодталған тұзды өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
13	Ұн тарту объектілері	Жылына 1 рет
14	Нан және нан-тоқаш өнімдерін пісіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
15	Қант өндіру жөніндегі объектілер	Жылына 1 рет
16	Сауда алаңы 50 шаршы метрден асатын тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілері, азық-түлік базарлары	Жылына 1 рет
17	Тамақ өнімдерін көтерме сақтау объектілері	Жылына 1 рет
18	Өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын қызмет түрлері (химиялық өндіріс, металлургиялық, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенді емес қазбаларды, табиғи газды өндіру, құрылыс өнеркәсібі, қауіптілігі 1 және 2-сыныптағы өндіру және тұтынудың уытты қалдықтарын орналастыру, зарарсыздандыру, көму бойынша полигондар, сағатына 120 килограмм және	Жылына 1 рет

	одан артық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, жою, сұрыптау, өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) бойынша объектілер, минералды отынды жаққан кездегі электр және жылу энергиясы өндірісі, радиобайланыс, радио хабарларын тарату, теледидар, радиолокация және радиобасу стационарлық радиотехникалық объектілері)	
19	Химиялық заттарды және өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалар	Жылына 1 рет
20	Спорттық-сауықтыру мақсатындағы объектілер, спорттық-сауықтыру бассейндері, сыйымдылығы 20 орыннан артық монша және сауналар	Жылына 1 рет
21	Сауықтыру және санаторий объектілері (маусымдық, жыл бойғы)	Жылына 1 рет
22	Вахталық кенттер	Жылына 1 рет
23	Су қоймалары, 2-санатты демалыс орындары (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы)	Жылына 1 рет
24	Су көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған су жинау орындары	Жылына 1 рет
25	Қызмет көрсетілетін халықтың саны 2 мың адамнан асатын орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері	Жылына 1 рет
26	Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері	Жылына 1 рет
27	Санаторий-сауықтыру ұйымдары, демалыс базалары мен орындары	Жылына 1 рет
28	Зертханалардың барлық түрлері	Жылына 1 рет

Тәуекел дәрежесі елеусіз объектілер

1	2
1	Техникалық және кәсіптік оқыту, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдары
2	Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын, дене тәрбиесін және шығармашылық қабілеттерін дамыту ұйымдары (қосымша білім беру мекемелері) – балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары, музыка, спорт және көркемсурет мектептері, балалар-жасөспірімдер орталықтары, аулалық клубтар, жас натуралистер станциялары, оқу-өндірістік комбинаттар, оқу курстары мен басқа да мектептен тыс ұйымдар, тамақтану ұйымдастырылмаған бала бағушының көрсетілетін қызметтері
3	Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдерді дайындау, сақтау және өткізу жөніндегі объектілер (аяқкиім, киім, ойыншықтар)
4	Компьютерлер (дербес компьютерлер, планшетті дербес компьютерлер, ноутбуктер) және бейнетерминалдар (компьютер клубтары) арқылы халыққа қызмет көрсету жөніндегі объектілер
5	Отыратын орын саны 50-ден кем тамақ өнімдерін өндіретін, өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері
6	Көлік құралдарына (теміржол, автомобиль, су және әуе) және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілер
7	Тамақ өнімдерін автоматты түрде дайындауға және өткізуге арналған аппараттар
8	Кремсіз кондитерлік өнімдерді өндіру жөніндегі объектілер
9	Ұнның жартылай фабрикаттарын, макарон өнімдерін өндіру жөніндегі объектілер
10	Чипсілер, кепкен нан, жүгері таяқшалары, казинак, шемішке, құрғақ таңғы ас, слайстар, қант мақтасы, поп-корн, қуырылған жаңғақтар өндіру жөніндегі объектілер
11	Дайын тамақ өнімдерін өлшеп орау жөніндегі объектілер
12	Тамақ концентраттарын және тамақ қышқылдарын өндіру жөніндегі объектілер
13	Шай, ашытқы және желатин өндіру жөніндегі объектілер
14	Крахмал-сірне өнімдерін, крахмал өндіру жөніндегі объектілер

15	Наркология, медициналық-әлеуметтік оңалту және психиатрия бойынша (наркологиялық ауруханалар және диспансерлер, медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтары, психиатриялық ауруханалар мен диспансерлер) стационарлық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары
16	Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары
17	Денсаулық сақтау, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары
18	Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техниканың көтерме және бөлшек сауда объектілері
19	Денсаулық сақтау, жедел медициналық жәрдем және санитариялық авиация ұйымдары
20	Апаттар медицинасы денсаулық сақтау ұйымдары
21	Паллиативтік көмекті және мейірбике күтімін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары
22	Дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілері
23	Көтерме, бөлшектеп сату базарлары және көтерме, бөлшек сауда объектілері
24	Дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдары мен препараттарын, вакциналар мен басқа да иммундық-биологиялық, диагностикалық препараттарды дайындау, өндіру, өңдеу, сондай-ақ оларды пайдаланумен байланысты жұмыстар мен қызметтер түрлерін көрсету жөніндегі объектілер
25	Шаштараздар, сұлулық салондары, тері және сілемейлі қабықты бұзбастан, консультациялық қызметтер көрсететін косметологиялық орталықтар
26	Спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, сыйымдылығы 20 орынға дейінгі моншалар, сауналар
27	Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілері (мәдени-ойын-сауық объектілері, зираттар, жерлеу мақсатындағы объектілер, адамдар уақытша тұратын объектілер (қонақүйлер, мотельдер, кемпингтер, жатақханалар), тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттарды, кеңселерді, ұйымдарды пайдалану жөніндегі ұйымдар, үй басқарушылары, үй-жайлар иелері кооперативтері, қоғамдық дәретханалар, кір жуу, химиялық тазарту орындары, тазарту құрылыстары және өзгелері)
28	Қызмет көрсетілетін халықтың саны 2 мың адамға дейінгі орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері
29	Су құбырлары, кәріз, жылу жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі объектілер, қазандықтар
30	Кәріз (оның ішінде жауын-шашын кәрізін) тазарту құрылыстары мен желілері
31	Өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптілігі 3-5-сыныпқа жататын қызмет түрлері (химиялық өндіріс, металлургия, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенді емес қазбаларды, табиғи газды өндіру, құрылыс өнеркәсібі, қауіптілігі 3 және 4-сыныптағы өндіру және тұтынудың уытты қалдықтарын орналастыру, зарарсыздандыру, көму бойынша полигондар, сағатына 120 килограммға дейін және одан артық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, жою, сұрыптау, өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) бойынша объектілер, минералды отынды жаққан кездегі электр және жылу энергиясы өндірісі, радиотехникалық объектілер, ағаш өңдеу, тоқыма өндірісі және жеңіл өнеркәсіп өндірісі, автожанармай құю станциялары)
32	Спорт-сауықтыру мекемелері
33	Саябақтар
34	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 261 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11205 болып тіркелген) бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік орган бекіткен "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалардың 4-тармағында көзделген иондаушы сәулелену көздері бар радиациялық объектілер, белсенділігі ең аз мәндегі радиоактивті қалдықтар
35	Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары (теміржол, автомобиль, су және әуе)

36	Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді, гигиена құралдарын сақтауға арналған қоймалар
37	Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіретін объектілер

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласында тәуекел
дәрежесін
бағалау критерийлеріне
2-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

№	Талаптардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1.	Объектілерді орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау.	елеулі
2.	Санитариялық-қорғаныш аймағының болуы және қажеттілігі, оған қойылатын талаптар.	өрескел
3.	Тұрғын үй құрылысы, сумен жабдықтау көздері, өндірістік және коммуналдық мақсаттағы объектілер аумағына дейінгі санитариялық-қорғаныш аймағының өлшемдері.	өрескел
4.	Санитариялық қорғау аймақтарына, сумен жабдықтау көздерінің, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау объектілерінің, су құбыры құрылыстарының, шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су жинау орындарының, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарының санитариялық-қорғаныш белдеулеріне қойылатын талаптарды сақтау.	елеулі
5.	Сумен жабдықтау көздерін, шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су жинау орындарын, мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарын, басты құрылыстарды, таратушы су құбыры желілерін, әртүрлі шаруашылық қызметі кезіндегі орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерін қорғауға қойылатын талаптарды сақтау.	өрескел
6.	Су қорғау, оның ішінде технологиялық, агротехникалық, гидротехникалық және санитариялық-техникалық іс-шараларды жүргізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.	өрескел
7.	Аумақты, кіретін жолдарды, өтетін жолдарды, жаяу жүргіншілер жолдары мен учаскелерін күтіп ұстауға және абаттандыруға, аймақтарға бөлуге, жабынына, жарықтандыруға, қоқысты жинауға, уақытша сақтауға, шығаруға, санитариялық-аулалық қондырғылардың санитариялық жағдайына, жаңбыр және еріген суды бұруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау.	елеусіз
8.	Объектіні орналастыру және күтіп ұстау бойынша, жобалық қуатына, үй-жайлар жиынына, аудандар нормативіне, үй-жайлардың орналасуына және санитариялық-техникалық жағдайына, ағындылықтың және оқшаулануының сақталуына, пайдалану жағдайлары мен тиімділігіне қойылатын талаптарды сақтау.	елеулі
9.	Объектіні ыстық және суық сумен жабдықтау, су бұру, жарықтандыру, желдету, ауа баптау, микроклимат, жылумен қамтамасыз ету жүйелерін күтіп ұстауға, олардың тиімділігі мен жарамдылығына қойылатын талаптарды сақтау.	елеулі
10.	Қажетті арнайы, технологиялық, тоназыту, өндірістік жабдықпен бұйымдар, оның ішінде аппараттармен, құрал-жабдықтармен, мүккәмалмен, оның ішінде қатты және жұмсақ мүккәмалмен, арнайы киіммен және қорғаныш құралдарымен, ойыншықтармен, ас үй және асхана ыдыс-аяғымен, аспаптармен, шығыс материалымен, ыдыстармен, шүберектермен жаракталу нормаларының сәйкестігі.	елеусіз

11	Оларды қойылатын талаптарға сәйкес материалдардан дайындау.	елеусіз
12	Күтіп ұстау, жуу, дезинфекциялау, стерильдеу алды тазалау және стерильдеу, өңдеу, жарамдылығы мен пайдалану шарттары.	елеулі
13	Қажет болған жағдайда бақылау-өлшеу жабдығының, аспаптарының болуы, жарамдылығы, оларды тексеру.	елеусіз
14	Жуу, дезинфекциялау және стерильдеу құралдарының, реагенттердің қажетті қорымен қамтамасыз етілуі, оларды сақтау жағдайлары, дайындау мерзімдері, қолдану, есепке алу қағидалары.	елеулі
15	Жабдық, оның ішінде компьютерлер мен басқа да бейнетерминалдар, материалдар, реагенттер, дезинфекциялау құралдары, жиһаз, ойыншықтар, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, пайдаланылатын парфюмерлік-косметикалық құралдар мен қолды, шашты, теріні, тырнақты күтуге арналған құралдар үшін олардың қауіпсіздігін және қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың болуы (мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, сәйкестігі туралы сертификаттың, сәйкестігі туралы декларацияның болуы).	елеулі
16	Объектінің өндірістік, тұрмыстық және қосалқы үй-жайларын жинауға қойылатын талаптарды сақтау, күрделі жинау жүргізудің шарттары мен жиілігі.	елеулі
17	Жинау мүкәммалын таңбалауға, сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау.	елеусіз
18	Объектіде және аумақта дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу, өңдеу жиілігін сақтау.	өрескел
19	Үй-жайларды күтіп ұстауға, оның ішінде барлық функционалдық бөлімшелердегі дезинфекциялау және стерильдеу режимдеріне қойылатын талаптарды сақтау.	өрескел
20	Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилдеу және дезинфекциялау жүргізу шарттарына қойылатын талаптарды сақтау.	өрескел
21	Қолды өңдеу қағидаларын, асептика қағидаларын, медициналық қызметтерді көрсету кезінде антисептика қағидаларын сақтау.	өрескел
22	Сумен жабдықтау объектілеріне жуу, тазалау және дезинфекциялау жүргізу.	өрескел
23	Пайдаланылатын жуу және дезинфекциялау құралдарының концентрациясын бақылау.	елеусіз
24	Профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды инфекциялық және паразиттік ауруларға жүргізу, оның ішінде карантиндік және аса қауіпті инфекциялар бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау.	елеулі
25	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу, оның ішінде медициналық көмекке жүгінген, ауруханаға жатқан кезде, стационарда болған және ауруханадан шыққан кезде, донорларды гемотрансфузиялық инфекцияларға тексерген кезде пациенттерді инфекциялық және паразиттік ауруларға тексеруге қойылатын талаптар.	елеулі
26	Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулар жағдайлары анықталған және егілуге жататын контингентті инфекциялық ауруларға қарсы иммундау кезінде инфекциялық және (немесе) паразиттік аурудың әрбір жағдайын анықтау және тексеру.	өрескел
27	Халыққа профилактикалық егулерді ұйымдастыруға, жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау.	өрескел
28	Халықты алдын ала және кезеңдік медициналық қарап тексерулер жүргізудің толық қамтылуы және сапасы.	өрескел

29	Алдын ала және/немесе кезендік медициналық қарап тексерудің, қызметкерлерді (персоналды) вакциналаудың және маркерлік диагностиканың, рұқсаттың, гигиеналық оқытудың болуы.	елеулі
30	Жұмыскерлерді, қызметкерлерді (персоналды), балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.	өрескел
31	Ас блогы қызметкерлерін медициналық қарап тексеру, олардың денсаулығын күнделікті бақылау, медициналық қарап тексерулерден уақтылы өтуін бақылау.	елеулі
32	Балаларды сауықтыру ұйымдары жағдайында балаларды сауықтыру тиімділігін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу.	елеулі
33	Жіті кәсіби аурулар, уланулар жағдайларын хабарлау, тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, оларды тіркеу, есепке алу және талдау бойынша талаптарды сақтау.	елеулі
34	Иммундық-биологиялық, диагностикалық препараттарды, компоненттер мен қан препараттарын сақтау мерзімі мен жағдайларына, оның ішінде "салқындату тізбегіне", оларды тасымалдауға, пайдалануға және есепке алуға қойылатын талаптарды сақтау.	өрескел
35	Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды дұрыс сақтау, тасымалдау және пайдалану саласын қамтитын стандартты операциялық рәсімдерді (СОР) әзірлеу және бекіту бойынша талаптарды сақтау.	елеусіз
36	Тоңазыту және мұздату бөлмелерін немесе медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сақтауға арналған камераларды пайдалануға беру кезінде және жөндеу жүргізгеннен кейін температуралық ауытқулардың аймақтарына тестілеу жүргізу бойынша талаптарды сақтау.	елеулі
